

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 106 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 қазандағы N 1695 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қазандағы N 1070 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.18 N 1070 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтық авиация саласындағы кейбір нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 106 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 4, 53-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді сертификаттау ережесі: мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Аса маңызды ұшуларды жүзеге асыратын (коммерциялық тасымалдарды орындау құқығынсыз) және сертификаттық талаптарға сәйкес келетін қазақстандық авиакомпанияларға коммерциялық тасымалдарды орындау құқығынсыз Пайдаланушының сертификаты (1-1-қосымша) берілуі мүмкін.";

осы қаулының қосымшасына сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан Республикасы	
Үкіметінің	
2009 жылғы 28 қазандағы	
N 1695 қаулысына	
қосымша	
Қазақстан Республикасы	
Үкіметінің	
2003 жылғы 30 қаңтардағы	
N 106 қаулысымен	бекітілген

Азаматтық әуе кемелерін
пайдаланушыларды және олар
көрсететін қызметтерді
сертификаттау ережесіне
1-1-қосымша
- - Е л т а ң б а - -

Уәкілетті орган

Пайдаланушының сертификаты
коммерциялық тасымалдарды орындау құқығынсыз
N _____

Осымен пайдаланушы - _____
(пайдаланушының атауы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің _____ N _____ қаулысымен
бекітілген Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін
қызметтерді сертификаттау ережесінің талаптарын қанағаттандыратындығын
және Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметін регламенттейтін
нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын қанағаттандыратындығын
к у ә л а н д ы р а д ы .

Пайдаланушы - _____

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Халықаралық азаматтық авиация
туралы конвенцияның (Чикаго қ., 1944 ж.) қосымшаларына, сондай-ақ қоса
беріліп отырған Пайдалану жөніндегі арнайы ережелерде қамтылған пайдалану
талаптары мен шектеулерге сәйкес _____

(авиациялық қызметтердің
жүзеге асыруға қабілетті.
түрлері, халықаралық ұшулар және т.б.)

Осы Сертификат табыстауға жатпайды және ол кері қайтарып алынғанға
немесе оның қолданылуы тоқтатыла тұрғанға дейін күшінде болады.

Инспекциялық бақылауды _____ жүзеге асырады.
(уәкілетті органның атауы)

МО

Уәкілетті органның басшысы

_____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

Күшіне енген күні: _____ ж. " _____ "

Қолданылу мерзімі: _____ ж. " _____ " дейін

